«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-бибилиография бөлімі

# Дара тұлғаның-дара жолы



ақын,Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жыл

(1928-1994)

Библиографиялық көрсеткіш

«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-бибилиография бөлімі

# *Дара тұлғаның-дара жолы*

***ақын,Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жыл***

**Библиографиялық көрсеткіш**

Арқалық қаласы 2023 жыл

ӘОЖ 821.512. 122(01)
КБЖ 91.9.83

Құрасты., компьют. терген: Т.С.Қойшыбаева
Жауапты ред.: С.Қ.Ибикенова

**Құрастырушы:** Т. С. Қойшыбаева
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева
**Мұқабаны безендірген:** Т.С. Қойшыбаева
**Редактор: С**.Қ.Ибикенова

Дара тұлғаның-дара жолы, [Мәтін] : ( ақын,Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жыл толуына арналған ) : Көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Т. С. Қойшыбаева ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. С. Қ. Ибикенова]. – Арқалық : [б.б.], 2023. – 64 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі, ақын Ғ.Қайырбековтың туғанына 95 жыл толуына арналған көрсеткіш дайындады. Көрсеткіш Ғ.Қайырбековтың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512. 122(01)
КБЖ 91.9.83

© Т. С. Қойшыбаева

# Терең тамырлы тұлға



Ғафу Қайырбеков 1928 жылы, 15 тамызда Торғай қаласында туған. Мектеп бітіргеннен кейін, ұлы Отан соғысы жылдарында аудандық тұтынушылар одағы, комсомол, орта мектебінде жұмыс істеп, 1946 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде оқыған. 1947 – 48 жылдарда Торғайдағы Ақсуат орта мектебінде мұғалім болып, 1948 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтына түсіп, 1952 жылы бітіріп шығады. Қазақстан жазушылар одағының қарамағына жіберіліп қазіргі « Жазушы» баспасында кіші редактор болып істеген. 1960 жылға дейін баспа редактор, аға редактор, поэзия қызметін атқарған. 1961 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары болып істеді. 1963 жылы Қазақстан жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, 1964 жылы қайтадан «Жазушы» баспасының поэзия редакциясын 1968 жылға дейін басқарды. 1968 – 73 жылдан жазушылар одағының поэзия секциясында, ал 1973 жылдан бері «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары болып істеп келеді. Ақындық өмірбаяны 1948 жылдан басталады. Оның 1943 жылы тұңғыш өлеңі Торғай аудандық «Социялистік ауыл» газетінде шығып, кейінгі жылдары Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінде үздіксіз басылып турды. 1948 жылы «Лениншіл жаста», 1950 жылы «Жұлдыз» журналында топтама өлендері жарық көрген. 1954 жылы оның ең алғашқы өлеңдер жинағы «Құрдас» баспадан шықты. «Балықшы Иван», ең негізгі шығармасының бірі. «Дала қоңырауы» дүниеге келді. 1980 жылы «Жұлдыздар тағдырлар» поэмасы үшін Ғафу Қайырбековке Абай атындағы Қасақ СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.Ақынның Москвада және Алматыда кітаптары орыс тілінде шыққан. Ғ.Қайырбеков творчествосында прозалық еңбектері өзіндік орын алды. Оның «Ақжелкен», «Жел қайық» повестері мен очерктер жинағы, «Бір кеменің үстінде» деген атпен сын жинағы жарық көрген. Ғ.Қайырбеков Халықтар Достығы орденімен, «Еңбектегі ерлігі» үшін медалімен, Қазақ СССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрметті грамотасымен наградталған.

## Ғ. Қайырбековтың шығармалары

Қайырбеков Ғ. Бел асар: екі томдық. 1 Т.: өлеңдер мен поэмалар.
– Алматы: Жазушы, 1978 – 396 б.
Қайырбеков Ғ. Бел асар: екі томдық. 2 Т.: өлеңдер мен поэмалар.
– Алматы, 1978 – 367 б.
Қайырбеков Ғ. Қаракөз қыздар; Астанада көшесі бар Гогольдің;
Ана тілі [т.б]: өлеңдер / Ғ. Қайырбеков // Абдрахманов, С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: қазақ поэзиясының антологиясы. 1 Т. – Алматы, 2007 – Б. 205-224.
Қайырбеков Ғ Қырқарланып өткен ер / Ғ. Қайырбеков //
Махамбет. Жорық жырлары. – Алматы, 2007 – Б. 186-193. – («Аманат» журналының кітапханасы).
Қайырбеков, Ғ. Мирас [Мәтін]: [Қасым Аманжолов – 100 жыл] /
Ғ. Қайырбеков; мақаланы редак. ұсынған ақынның жары Б.
Қайырбекова // Жұлдыз. – 2011 – № 6 – 149-159 б.
Қайырбеков, Ғ. Орақ; Алтын бесік: өлең / Ғ. Қайырбеков; бас
редактор Ә. Нысанбаев // Екімыңжылдық дала жыры. – Алматы, 2000 –
Қайырбеков Ғ. Шығармалары: Көпшілік оқырман қауымға
арналған / Ғ. Қайырбеков. – Алматы: Білім, 1998.– 216 б.
Қайырбеков, Ғ. Шығармалар. 1 Т.: өлеңдер / Ғ. Қайырбеков. –
Алматы: Білім, 1998 – 216 б.
Қайырбеков, Ғ. Шығармалар. 2 Т.: өлеңдер / Ғ. Қайырбеков. –
Алматы: Білім, 1998 – 232 б.
Қайырбеков Ғ.
Ыбырай Алтынсарин : [ой-толғау] / Ғ.
Қайырбеков // Мәдени мұра. – 2012 – № 5 – Б. 46-50.

## Ғ. Қайырбековтың өмірі мен шығармалары туралы

Әлімжанов Б. Ғафу ғибраты / Б. Әлімжанов //Егемен Қазақстан.–
2013 – 14 тамыз (№ 189). – Б. 5
Әлім Қ. Ғафу – ғұмыр / Қ. Әлім // Жұлдыз.– 2013 – № 5 – Б.
155-160.
Әлімжанов Б. Жарықтық Ғафекең : [ақын Ғафу Қайырбековтың
туғанына 85 жыл] / Б. Әлімжанов // Қостанай таңы. – 2013 – 6 тамыз (№ 85). – Б. 8
Әлім Қ. Сырбай мен Ғафу : ақындар туралы / Қ. Әлім // Егемен
Қазақстан. – 2014 – 14 қазан (№ 200). – Б. 7
Әлім Қ. 7 кітап және 8 том: Ғафу Қайырбековтің зайыбы Бәдеш

апаның әдеби мұраға ыждағаттылығы осындай! : [ақын Ғафу Қайырбеков туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2013 – 12 сәуір. – Б. 56
Әнесұлы Ж. Ғафудың айтқандары / Ж. Әнесұлы // Қазақ

әдебиеті. – 2008.– 1 тамыз. – Б. 187
Әнесұлы Ж. Ғафудың хатшысы : 90-ға келген абыз – ана Бәдеш Хамзина хақында (Ғафу Қайырбеков) / Ж. Әнесұлы // Қостанай таңы.– 2017 – 17 қараша (№ 128). – Б. 118
Ғафу – менің тағдырым : [өмір – өзен] / әңгімелескен А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2014 – 15 қазан (№ 201). – Б. 159
Ерғалиева М. Жүйріктер додасы: зерде мәдениеті / М. Ерғалиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2019 – № 12 – Б. 22–10
Жабайтегі О. Болмысы бөлек суреткер : Қазақстанның халық жазушысы, жерлесіміз Ғафу Қайырбеков жөнінде / О. Жабайтегі // Костанай. – 2009 – 28 сәуір. – Б. 611
Жақсанов О. Поэзияның көрнекті өкілі : [ақын Ғафу Қайырбеков туралы] / О. Жақсанов // Наш Костанай. – 2017 – 24 наурыз (№ 22-24). – Б. 17 .12
Жүнісұлы Ж. Ақын еді өлеңімен дауылдатқан: Ғафу Қайырбековтың кейбір сәттерін еске түсіргенде / Ж. Жүнісұлы. //Қостанай таңы. – 2013 – 17 мамыр (№ 52). – Б. 913
Жүнісұлы Ж. Өлеңнің сарқылмаған бұлағы еді...: [ақын Ғафу Қайырбеков туралы] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018 – 26 қыркүйек (№ 112). – Б. 614
Кенжебекова С. Т. Ұстаз болу – жүректің батырлығы / С. Т. Кенжебекова // Мектептегі кітапхана. Школьная библиотека. – 2015 – №3 – Б. 25-26.15
Қожабеков Е. Өнерлі өрендер : білімді мыңды жығар / Е. Қожабеков // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021 – № 10 – Б. 36-16
Қостанай таланттары // Тәуелсіздіктің ақ таңы. – 2014 – № 17 – Б. 66-67.17
Құсайынова Б.
Ақынға лайықты құрмет көрсетілді / Б.
Құсайынова // Костанай. – 2008 – 23 қыркүйек – Б. 518
Мәулетов Ғ. Ғафу бала кезінен әділ еді : [ақын шығармаларының кейіпкері Ғалия Қамбарқызы туралы бір үзік әңгіме] / Ғ. Мәулетов // Қостанай таңы. – 2013 – 3 шілде (№ 72). – Б. 919
Мұсабаев Х. Тектінің де, мықтының да бірі еді: [Қазақтың тәелсіздік дәуіріндегі алғашқы бизнесмепндері мен меценаттарының бірі ақын Е. Төлегеновтың рухына тағзым] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2012 – 18 сәуір (№ 42). – Б. 61–20

Неталиев М. Арқаның арқалы ақыны / М. Неталиев // Жалын. – 2005 – № 12 – Б. 12-19.21
Рәш М. О, Дәриға, қайырылса бір сәт сол сол бір кез... : [ақын Ғафу Қайырбековтың туғанына 85 жыл] / М. Рәш // Қазақ әдебиеті. – 2013 – 2-8 тамыз (№ 30). – Б. 6 .22
Сәрсекеев Қ. Жылжыған жорға, жүйткіген жүйрік ақын : үш эссе / Қ. Сәрсекеев // Жұлдыз. – 2014 – № 9 – 163-188 б.23
Сейдахмет Қ. Жыр дүлділі : [Ғафу Қайырбеков туғанына – 85 жыл] / Қ. Сейдахмет // Жас өркен – Костанай.– 2013 – № 5 – Б. 12-13.24
Тұрғынбекұлы С. Ғафудан қалған сөз еді : [ақын Ғафу Қайырбеков туралы] / С. Тұрғынбекұлы //Ана тілі. – 2018 – 18-24 қазан (№ 43). – Б. 10.25
Ілиястың хаттарынан // Қостанай таңы. – 2016 – 1 сәуір (№ 35). – Б. 13

## Еңбек жолы

Ғафу Қайырбеков Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1952).

Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды.

1968-1973 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында жетекшілік етті.

1973-1989 жылдары «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды.

1954 жылы оның «Құрдастар» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан бері қырықтан астам кітабы шықты.

«Дала қоңырауы» (1956) поэмасы, «Жер астындағы жұлдыз дар» (1965), «Қанатты жылдар» (1973) сияқты жинақтарын, «Беласар» атты қос томдығын оқырман қауым ілтипатпен қабылдады.

«Жұлдызды тағдырлар» кітабы үшін ақын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

«Халықтар достығы» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағының ақындар қауымдастығының президенті болды.






Мейлі шарлап теңіз өттім, тау бастым,
Мейлі көктің ақ бұлтына жармастым.
Сонда-дағы сен қалмассың көкейден;
Сонда-дағы сені ұмыта алмаспын.

«Ана тілі» Ғафу Қайырбеков



Ғафу Қайырбеков қаламдастар ортасында

Осындайда ақын Жарасқан Әбдірәштің Ғафу Қайырбеков туралы:

*Теледидарды ашып қалсаң – Ғафекең,*

*Радионы басып қалсаң – Ғафекең!*

*Журналдарды парақтасаң – Ғафекең,*

*Газеттерді қарап қалсаң – Ғафекең!*

*Дунай бойлап араласаң – Ғафекең,*

*Думан-тойға бара қалсаң – Ғафекең!*

*«Мына біреу оңашалау кафе екен»*

*деп кіріп ем...*

*Мұнда да отыр Ғафекең!.. –*

деген эпиграммасы ойға оралады.



Қызғанбаңдар ақындар,
Мақтауға оны хақым бар.
Мен туған жер кішкене,
ТОРҒАЙ деген аты бар!
**(Ғ.Қайырбеков)**





Ақын ой үстінде



*Қазақстан Жазушылар одағында менің 50 жылдығым аталып өтті. Оңнан солға қарай: Ғафу Қайырбеков, Оразақын Асқар, Ажар Бараттқызы.*
*1985 жыл*



Торғай тасып барады
Ұлы тауды жатқан қар қыстай басып,
Көктем жігіт бөктерген қыздай қашып,
Қара сүмбіл бұрымдар тарқатылып,
Торғай тасып барады, Торғай тасып.
Солтүстікке шыға сап шапшып, ұрып,
Әне тартты батысқа жалт бұрылып,
"Қара Торғай", "Сары Торғай", "Қарын салды"
"Жалдамаға" қосылды "Тасты" бұзып.
"Теке" шықты бақырып тау Қызбелден,
Терістіктен тепсініп жалғыз келген,
"Қоңыраулыға" қол бұлғап "Дәмді" өзені,
"Қарасуы Қазбектің" сәлем берген.
Одан әрі бұл Торғай боталай ма?
Басын қосты "Байғабыл" "Тоқанайға"!.
"Қабырға" мен "Жыланшық" қатар ағып,
Кездесе алмай кетеді бірталайға.
Үлкен Торғай - солардың ұлы анасы,
Ұлы арнасы жайылып ұлан-асыр,
Жалпақ елді жарылқап олжасымен,
Балықтары жазыққа шыға қашып.
Жәрмеңке ашып құстары азан-қазан,
Секілді бір ақ көбік, қара қазан,
Көк құрақтан көлдері алқа тағып.
Жұпар шашып тұрады-ау таңда азан.
Жаз бойына жататын өткел бермей,
Кең кемері жағалай шөккен белдей,
Су толатын астауы зор болған соң,
Ол тасқынның зардабын ешкім көрмей.
Бүкіл ойпат шабындық, шалғын кешіп,
Тербелетін шілдеде жасыл бесік.
Ат қып мініп - ойнайтын о, балалық,
Нар қамыстың найзадай басын кесіп.
..."Торғай биыл тасыды" деген хабар
Қандай бақыт сөз еді өлең қағар!
"Онда болды! Береке толды",- дейтін,
Сақалдарын тарақтап қариялар.
Торғай тасып барады, Торғай тасып,
Туған жерге жүрегім қандай ғашық,
Қайтармын-ау биыл да, дәм бұйырса,
Толқынына бір сүңгіп, маңдай басып!
**(Ғафу қайырбеков)**

Ғафу Қайырбеков өлеңдер жинағы



## ЖАҚСЫ ЕКЕН СЕНІҢ

Жақсы екен сенің Отаның,
Келісті өлке, кең көңіл.
Ұмытпайды екен Сейтжанын,
Ұмытса да ұлы кейде бір.
Әлі тұр сонау көк қақпа —
Волисполком мекені.
Белгілі ғой айтайтпа
Туған жер, шіркін, не екені.
Әлде бір ыстық сезіммен
Қараймын ұзақ мендағы
Үнсіз де үлкен көзіңмен
Қараушы едің сендағы:
Қаңылтыр шілтер — көп әйнек
Шағылар күнге екінді.
Үйге кір, жиен кел, әй! — деп
Шақырған өзің секілді.
Атбасар десе, ол жерден
Шыққандар еске түспей ме?
Аға едің ардақ көз көрген
Секілді жақын іш жейде.
Кешуін болса маған бер,
Еркелей қалдым жайша бір.
Дегендей саған туған жер:
«Келіп те кетіп қойса бір!»



# СОҚТЫ БОРАН

Соқты боран,
«Соқты» деген жай сөз ол.
Көз алдында көрінбейді созған қол.
Аппақ болып шыға келер әпсәтте
Қара асфальттан қасқитыпақ салған жол.
Әпәдеміақ шығып еді жаңа күн,
Жарқыратып оттай қызыл шанағын.
Соқты боран.
Содыр сойқан қолымен
Жапты барып жақсы күннің жанарын.
Бұлт дегенің
Бұған салсаң — сөз емес,
Түн бе дерсің,
Түннің тағы өзі емес.
Жанжағына дөпдөңгелек мұз қатқан
Көзің дағы әшейіндегі көз емес.
Мықты болсаң,
Дәл осындай шақта бір
Кетпек болып,
Жолаушылап, атқа мін.
Ал біз кеттік
Ортасымен достардың!
Ойламай да,
Ойлап тағы бас қамын.
Машиналар
Керуендей тізілген,
Зымырайды бірбірінің ізімен.
Бара жатыр адам, боран алысып
Атбасардың алыс жота, түзімен.
Неге шықтық?
Күтті бізді енді не!?
Тағдырымызды сынағымыз келді ме?
Уақытымызды сынағымыз келді ме?
Күшімізді сынағымыз келді ме?
Болса болар!





Ғ.Қайырбеков

Ғ.Қайырбеков,пен Сәбит Мұқанов



Ғафаң ақын апасы Мариям Хакімжановамен бірге



Солдан оңға қарай: Төлен Әбдіков, Сәтімжан Санбаев, Жұбан Молдағалиев, Қуаныш Сұлтанов, Ғафу Қайырбеков, Әбіш Кекілбаев, Райымбек Сейтіметов



Оқырманмен ойласу. Мінбеде жазушы Сейітжан Омаров



Ақындар: Ғали Орманов, Ғафу Қайырбеков, Тұрсынзада Есімжанов



Ғафу Қайырбеков, Сабыр Ниязбеков



Ғафу+Бәдеш 25 жылдық той. Куәдүр – Жұмағали Ысмағұлов





Академиядағы жиналыс. Ғафаң шықты мінбеге



Ғ.Қайырбеков, Олег Шестинский тағы басқалар



Оқжетпес:(Көкшетау). Бірінші қатарда: Ғафу, Бәдеш апай, Әди Шәріпов. Екінші қатарда: жазушы Төлен Әбдіков, айелі Күлән т.б.





Немересі Мадина Бақытқызы



Бірінші қатарда: Алик (күйеу бала), қыздары Алима,
Ғафура, Асқар (күйеу бала), Ғафу немерелері (Алина, Айдар),
Бәдеш, ұлы Бақыт. Ортада Бақыттың қызы Мадина



Қызылжарда. Ғафаң Ғабит ағамен



Қызылжар. Ғабең, Ғафаң келген қуаныш



Санаторий «Оқжетпес»



Құдалар тойында



Ғафу ақын ортада. Венгрия



Жанкелді ауданы, 1988 жыл. (Ғафу 60-та)





Торғай. Пионер лагерінде

«Дала қоңырауы»





«Оқжетпес»

Қолтаңба беру. «Сары-ағаш»



«Дала қоңырауы» мектебінде



Кавказда



Оқжетпесте



«Оқжетпесте» санаторийі



Ғафаңның балалары: Бахыт, Ғафура, Алима



25 жылдық той. Ақын Қабдікәрім Ыдырысовтың құттықтау сәті



Ғафаңның 70 жылдығы. Үй қабырғасына ескерткіш тақта қою сәті



Министірлер Кеңесінің демалыс үйінде. Сол жақта Ғафаң,  Берқайыр Аманшин, Хамит Ерғалиев, жазушы Кемел Тоқаев (шеттегі)



Ғафу қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Сәкен Жүнісов
Қостанай облысы Науырзым ауданында.



Ғ.Қайырбеков «Оқ–жетпесте»



Ғ.Қайырбеков пен Қайнекей Жармағанбетов.
Алматы қ.



Ғ.Қайырбеков пен Сырбай Мәуленов.



Сабыр Ниязбеков Ғафуды құттықтау сәтінде.
Алматы қ.



Ғ.Қайырбеков өлең оқып тұрған сәті (солдан 1- Мәриям Хәкімжанова, 4- Қожахмет Дәулетов). Алматы қ.



Ғ.Қайырбеков ақын – жазушылармен Өзбекстанда өткен қазақ әдебиетінің он күндігінде.



«Туған өлке тұлғалары» цикл көрмесі.
Ғ.Қайырбеков, пен С.Мәуленов.




Ғ.Қайырбековтың туғанына – 95 жыл

# Баспасөз бетіндегі жарияланымдары:



Ғафу Қайырбеков

АТАМЕКЕН



# Астана ардақтады ақындарды

Қазақтың көрнекті ақындары, жерлестеріміз Қ.Жармағанбетов пен Ғ.Қайырбековтың мерейтойларына арналған әдеби сазды кеш



# ҚОШ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАН ҒАФУЫ!

## ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ

## ЗИРАТТАҒЫ ҚОШТАСУ

## ЕЛІМ ДЕП ЕГІЛІП, ХАЛҚЫМ ДЕП ТӨГІЛІП...



Ғафу Қайырбеков

# ШҰБАЛАҢ

(Балалық шаққа саяхат)

Поэма



ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖЫРЛАРДАН

# Көкшетау, сені сағындым...

**Бүгін ақынның туған күні. 72 жыл бұрын Торғай топырағында шыр етіп дүниеге келген сәби жарты ғасырға жуық шығармашылық ғұмырын еліне, халқына, туған табиғатына деген махаббатымен өрнектеп, өмірден озды, соңында мол мұра қалдырды. Қазақтың аса көрнекті ақиық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбеков Алтайдан Атырауға дейінгі қазақтың кең даласын өлең өлкесіне, шабыт құшағына сыйғызған жыр жампозы еді. Кезінде Ғафу ақынның жер шоқтығы Көкшетауға арналған тұтас бір жыр кітабы жарық көрген болатын. Біз бүгін ақиық ақынның туған күнінде оның бұрын жарық көрмеген, жеке мұрағатында сақталған жырларын оқырман назарына ұсынып отырмыз.**

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ.

Ендігі саған еңтігіп,
Барар едім қасқиып.
Мен жатырмын мертігіп,
Тұяғыма тас тиіп.

* * *

Құдайға жақындардың таза бәрі,
Таусылмас жердегінің азабы әлі...
Құртуға өзін-өзі адам асық,
Аздай-ақ Жаратқанның жазалары.

Тау Көкше, Айың — айбар,
Күнің — шабыт,
Қараушы ем көлге түсіп,
жуынса бұлт.

Тұрмыстың ақ жанымды
кірі шалса —
Қайтушы ем саған барып,
мұңым шағып.

Сонда сен жұбатушы ең сүйіп,
құшып,

Қанатым күн сәулесін қиып түсіп.

Қайтадан ұшушы едім
қарсы құсқа —
Асыққан оңтүстікке осы тұста.
Ақ бұлтқа саусағыммен жыр
жазушы ем
Қаламым жерде қалып қапылыста.

Содан соң қонушы едім
шың басына,
Зулаған екпінімді бір басуға.
Етектен өрлеуші еді қыз-қарағай
Ақынмен оңашада сырласуға.

Хош иіс, жұпар самал арбап мені,
Төменде Бурабайдың жайнап көлі.
Сыңқылдап қыз күлкілі шағалалар
Шақырып, мені еркіме қоймап па
едің?!

Сонда мен жолыққандай
арманыма, —
Бір қарап жалын көзбен
жан-жағыма,
Басынан "Оқжетпестің" қарғушы
едім,
Қарамай өлгеніме, қалғаныма.

Сағындым, сағыныппын соның бәрін,
Есімде шаршағаным, дем алғаным.
Тек қана ақын жайлар мекен едің —
Белгісіз маған бүгін не болғаның...

Бояған жеті түске бар әлемді,
Тағы бір сүйістіріп көк пен жерд[...]

Тағы бір алып мені есіне жұрт:
"Е, мынау бар екен ғой" —
десін де жұ[...]
Тағы бір тебіренейін жыр бесікте[...]
Тұрғанда таңым кетіп, кешім кел[...]

Неше том, жазған өлең неше кіт[...]
Көз көрген құбылыстың бәрін
құпт[...]
Жинаған жүн-жұрқасын кәрі
кем[...]
Секілді кетерінде бір ұқыптап.

Сөреден бәрі қарап тұр байғұста[...]
Дегендей: "кезің қайда
қолыңа ұстар?"
Қайтсын-ай, олар да бір
қаққан қаз[...]
Мен кешкен үлкен өмір
жолын нұсқ[...]

Қайтемін қиялымды енді күште[...]
Бір талай тастаппын ғой
еңбек іст[...]
Томпиған саусағымның сүйелде[...]
Икемге бара жатыр конбегіш б[...]

"Ақынның кімге керек
мұнша зар[...]
Демеңдер, кейде көңіл мұң ша[...]



Ғафудың ақындығын айтып, ділмарсудың кереғі жоқ. Ғафудың ақпа-төкпе асыл өлең-жырларын қайта-қайта оқу керек, зерделеу керек.

Прозасы, көсемсөз-публицистикасы өз алдына. Аудармашылығы ше! Пушкин, Лермонтов... Қайсы[...] Расул Ғамзатовтың «Менің [...]» атты атақты туындысын бас[...] бойынша бір аптаның ішінде [...]

Жалынамын, о, тағдыр,
Осындайды көп көрме.
Не жетсін, шіркін, әсте бір
Ренжісе алмай өткенге.

Ал, мынау Ғабең — нар Ғабең,
Пікірлес ағаң, жолдасың,
Сөзіңді сен де арнап ең,
Рухы соның қолдасын!
6. II. 1991.

Бұл кітап нар Ғабең туралы, Ғабит Мүсірепов туралы күмбірлі күмбір толғау. Ақын [...]

Ал, осының бәрінде Ғабеңнің жанынан Ғафу табылады.

Жо-жоқ, Ғабеңнің [...]

# ҚАЙСАР ҒАФУ



ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖЫРЛАР

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

## АЛТЫН БАҚАН

(Ғабитке).

*Бөлектігің, —*
*Көп жұлдыздың ішінде*
*Көзге бұрын ұшырасқан айдайсың.*
*Зеректігің, —*
*Сен тұрғанда алға кітап жаймайсың.*
*Сиректігің, —*
*Шатыр етіп, баяғыда бір түсіп,*
*Жер бетіне шығып қалған жайдайсың...*

## ҚОШ, АҒА!

(Ғабит қазасына)

*Езіліп еңсе, санаммен*
*Бар ақылым жылап тұр.*
*Өзенім, тауым, далам мен*
*Ана тілім жылап тұр:*

*«Айрылдым, — деп — Шеберден,*
*Алтын таспа сөз өрген,*
*Өзі енді үйретіп,*
*Үйренетін өзі елден —*
*Кереметтердің де кетері*
*Табиғат заңы ежелден».*

*Ұзақ та дархан өмірді*
*Кемеліне келтіріп,*
*Кемерінен асырып,*
*Өзіңдей кешкен адам аз —*
*Шапағат нұрың шашылып,*
*Өнерден соққан мұнараң*
*Тарих жүзінде шаншылып.*

*Тірлікте төр мен босаға*
*Тірелген жері — осы ара,*
*Саяхатшысы жалғанның*



ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ,
Абай атындағы республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты

17 желтоқсан, 1991

## Туған жерге арнап

Туған жер—алтын бесік, асыл анам,
Аямаған, ақ сүтіңмен асыраған.

Мен сонық бәрінде де саған сенім,
Әлі де келем жүйіткіп сапар шегіп,

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ

## Тақия

## Арыңа сен

## Өмір деген



## Астана ардақтады ақындарды

Қазақтың көрнекті ақындары, жерлестеріміз Қ.Жармағанбетов пен Ғ.Қайырбековтың мерейтойларына арналған әдеби сазды кеш



Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ЖЫР ЖИҺАЗЫ

## Ұйықтап жатқан жүректі оятар

## Елдің жақсысы



## Ғафу «феномені»

Қазақ өлеңіне олжа салған өрен жүйріктің бірі — Ғафу Қайырбеков. Оның жан-жақты талант иесі болғанын көзқарасты қауым жақсы біледі. Ағыл-тегіл ақындығынан бөлек, прозашылығы, көсемсөзді — бір-бір тақырыпқа жүк болады. Айтқыштығы мен әншілігі де керемет.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

# Жыр жылдары

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

## «ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН сыйладың, сен маған»

### Ілияс Жансүгіровке

*Жазды да «Күйші» мен «Құлагерді»,*
*Ақын аты аспанға шыға келді.*
*Сол ақ боз ат бір күні бұлт үстінде*
*Найзағайға сүрініп, құлап өлді.*

*Жерге түскен белгі жоқ, таба алмадық,*
*Қанша іздедік, жар салып, хабарладық.*
*Жел сыбырлап деген соң «түк көрмедім» -*
*Қоя салдық сонымен соған нанып.*

*Көп жыл өтті, оқиға сөнді солай,*
*Бұлдыр қағып сағымдай сан күн, сан ай,*
*Ол күндегі сәбидің өзі қазір*
*Мәжілістің ағасы — бурыл самай.*

*Шығармай ма жұрт кейін сыбыстарын,*
*(Жарамайды қабылдау дұрыс бәрін)!*
*«Ер тоқымы біреуден шығыпты, — деп, —*
*Біреу тағып келіпті құйысқанын».*

*Көп жыл өтті, ол сөз де ұшты желге,*
*Керек болған кезінде күштілерге.*
*Әміршідей адамды билейді өмір*
*Аунақшытып асты мен үстімен де.*

*Әлсін-әлсін тазарып тұрар уақыт,*
*Адамды да «тазартып» бір аунатып.*
*Сол мезетте жақсылар шығар жайнап,*
*Өлсе — дағы тірідей табар бақыт.*

*Сол ақ боз ат жалынан самал есіп,*
*Әбзелдері түп-түгел аман десін,*
*Күмбір-күмбір кісінеп тапты үйірін,*
*Даңғұр-дұңғыр дарбаза, ашылды есік.*

*Бүркіт тұмсық, қыран көз, сұңқар қабақ,*
[illegible]

*Шешіп тастап бәрін де, отыр ақын,*
*Отыр ағаң, сағынып саған қарап.*

### Мұхтар Әуезов қазасына

*Мен Сочиде жүргенде*
*Тау құлады,*
*Кавказ ба? — десем,*
*Мұқаң екен!*
*Ол бәйтерек — мен оның*
*Бұтағы екем.*
*Биікте жүргенімді*
*Жерге құлағанда білдім.*
*Оған деген махаббатымды*
*Жылағанда білдім.*
*«Ұлылық деген не?» — деп,*
*Көріп жүріп те*
*Енді көрмей қалып*
*Сұрағанды білдім.*

### Мұқаң ескерткішіне

*Көрдім мен кемеңгердің тас денесін,*
*Өзі емесін және де басқа емесін.*
*Тап сол күні ауада тұрды қалқып*
*Көкірегімде әлдилеп өскен есім.*

*Бәрі сөйлеп, құндады, құлындады,*
*Шыққанынша айқайлап шыбын жаны,*
*Бүркіт маған тастады өз орнын, — деп,*
*Талай қарға сол күні шуылдады.*

### Ғабе!

*Бөлектігің,*
*Көп жұлдыздың ішінде*
*Көзге бұрын ұшырасқан айдайсың,*
*Зеректігің*



Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ, ақын
(1928–1994)

**АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН!**

[illegible]



Ғафу Қайырбековтың шығармалары:




























ГАФУ КАИРБЕКОВ


Ғафу
Қайырбеков
Көптомдық
шығармалар
жинағы


Ғафу
Қайырбеков
Көптомдық
шығармалар
жинағы


Ғ. ҚАЙЫРБЕКОВ
ТОЛАССЫЗ
ТОЛҚЫН


ҒАФУ
ҚАЙЫРБЕКОВ
БЕЛАСАР


Ғафу Қайырбеков
ТУҒАН
ТОПЫРАҚ


ҒАФУ
ҚАЙЫРБЕКОВ
КҮНТЕҢЕСКЕН


ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ
АЛЫС ТА ЖАҚЫН
ЖАҒАЛАУЛАР


Ғафу
ҚАЙЫРБЕКОВ
Құрдастар
Жыр
жауһары


Ғафу Қайырбеков
ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР
4-кітап


Ғафу Қайырбеков
ӨЛЕҢДЕР




Ғафу Қайырбеков
ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР
1-кітап


Ғафу Қайырбеков
ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР,
ЭТЮДТЕР
3-кітап

"Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия" Астана қаласында.



# Ғ.Қайырбековтың суреттері





























QASAQSTAN
TARIHY



# Ғафудан қалған сөз еді.



Мен қазақтың қанатты ақыны Ғафу Қайырбековтің өмірдегі, өлеңдегі інісі ретінде де, бір өзеннің суын ішіп, бір топырақты басқан туысы тұрғысынан да көп араласып, көп сырласқанымды ел біледі. Сексенінші жылдар ішінде Ғафекеңмен «Жұлдыз» журналында қызмет істеудің нәтижесінде ол кісінің көп әңгімелерін тыңдап, көкірегімде сақтап, жадымда қалдырған жайым бар. Ғафекеңнің осынау 90 жылдық торқалы тойында Ғафекеңнен естіген әңгімелерін елге жеткізгенді жөн санадым.

## Ғафекеңнің ата-бабалары, өз әкесі хақында

Ғафекеңнің ата-бабалары Торғайда ең бір іргелі рулардың бірінен тараған Арғынның Мерген аталығына жатады. «Мерген» десе мерген дегендей, бұл рудан кешегі кеңес үкіметінің опалаң-топалаң тұсында Ғафекеңнің аталарының аты Торғай жерінде айрықша естілетін еді. Патша тақтан құлап, кейіннен ел ақ, қызыл болып екіге жарылғанда, Ғафекеңнің аталары қызыл жағын қолдаған. Аманкелді мен Кейкі патша әскеріне қарсы қол жинап, күрескенде Мергендер қос батырдың соңынан еріп, талай ерлік көрсеткені ел есінде. Алғашында ақ әскерлері үстем түсіп, Торғай қаласын басып алған

тұста, арғынның Хәкімбек Токин бастаған сайыпқыран ерлері – большевик жағына шығып, Кеңес үкіметін қолдады. Алайда атаман Аненков бастаған ақ әскерлері қызылдың большевик жағына шыққан бір топ әскерлерін қолға түсіріп, 17 адамды бір күнде опат қылды. Сол тұстағы большевиктер жағын қолдаған Хәкімбек Токиннің түрмеде жазған хатын Торғай халқы әлі күнге дейін аузынан тастамайды. Ұлың жатыр ұлықтардың қолында, Ауыр жаза ақтық үкім мойнында. Он жеті адам атылуға бұйырылдық. Жүргеннен соң большевиктер жолында, – деп басталатын өлеңді біз де жаттап өстік. Хакімбек Токин Ғафекеңнің ең жақын туысы. Осы «он жетінің» түгелге жуығы – мергендер. Қазір сол Токиндер тұқымынан бізге белгілі Тұрсынбек Токин, жазушы Алматыда тұрады. Міне, көрдіңіз бе, Ғафекеңнің аталары, қандай батыр болған. Олар қан кешу айқаста беті қайтпай, шетінен «шейіт» болды. Бұл туралы Ғафекең өзінің атақты «Большевик ауыл» поэмасында кеңінен баяндаған. Қазір сол он жеті партизанның сүйегі атылған жері «Партизан сайынан» әкелініп, Торғайдың орталық алаңына жерленді. Ғафекеңнің өз әкесі Қайырбек оқымысты болған адам. Ол Уфадағы Ғалия медресесін бітіргендердің бірі. Елде дін таратып, молдалық жолда жүргендігі үшін талай жазаланып, ақыры өзінің туған ауылында ажал құшты. Торғай елінде Ғафекеңнің аталары – Мерген руынан шыққан ұрпақтардың ерлігі, батырлығы туралы аңдыздаған аңыз әңгімелер көп. Мен соларды Ғафекеңнің жанында жүріп, көп естіп, көңілге түйдім. Бірде Ғафекең өзінің аталарының ерлік істері туралы әңгімелеп отырды. Қасымызда Шөмішбай бар еді. Ғафекең әңгімесінің ұзын-ырғасында аталарының көбісі атыс-шабыс, қан майдандарда қаза болғанын айтып, соңғы сөзін «он жеті» партизанға тіреп: «Осылай менің ата-бабаларым әділдік жолында құрбан болған» деп бірақ тоқтады. Сол сәтте мен: «Апырай, Ғафеке, сөзіңізге қарағанда Мергендердің көбісі кісі қолынан қаза тапқан екен-ау» деппін. Сол кезде Ғафекең селк ете қалып: «Әй, Шөмішбай, Серіктің мына сөзі адамның зәресін алады екен. Мен бар ғой, Шөмішбай, осы Серікке неге екенін білмеймін, ұрыса алмаймын. Ұрыссам болды, рақаттанып бір күледі де отыра береді. Сосын қалай

ұрсасың, – дегені бар еді. Ал кейіннен Ғафекеңнің осы әңгімесін Шөмішбай Ы.Алтынсарин өз қолымен салдырған мектепте оқыған. Ол кісінің мектепте талай ортада қызықтырып, әлі күнге дейін айтып жүр.

## 16 жасында «Райпотребсоюздың» бастығы болған

Ғафекең мектепте өте зерек оқушылардың бірі болған. Торғайдағы оқыған жылдары Отан соғысымен тұспа тұс келген. Содан ол кезде, аудандық салада қызмет істейтін мамандар тапшы болған, бәрі де майданда. Сол себепті райком мектептегі жоғары сыныптың балаларын аудандағы басшылық жұмыстарға тартуға мәжбүр болған. Оның өзінде тек жақсы оқитындарын ғана. Содан не керек, бала Ғафу мектепте математика пәнінен тәуір оқитын, есепке жүйрік балалардың бірі ретінде аудандағы «райпотребсоюздың» бастығы болып шыға келеді. Қалай дегенмен де, болашақ ақын ғой, ол кезде азық-түлік беру «карточный системамен» жүргізіледі екен. Сол карточканы айға-аптаға бөліп, аз-аздан кезегімен беріп тұру керек болған. Аққөңіл бала, болашақ ақын қолына түскен екі айлық нанның «карточкасын» бір сәтте үлестіріп жіберген ғой. Карточка таланып кеткен соң, нан жетпеген халық шу көтерген. Әңгіме райкомға жетеді. Сол кездегі райком хатшысы Дәнен Бөкішев деген кісі екен. Бірден қаһарына мініп: «Шақырыңдар әлгі, рай-потребсоюздың бастығын» деген. Ғафекең айтады: «Ол кезде райкомның хатшысы деген ханнан кем емес. Қорқа-қорқа райком хатшысының қа-былдауына келдім. Есік ашық тұрған соң кірдім. Дәл алдына баруға батылым жетпей, қабырға жақтағы терезе тұсындағы қатар орындықтар тұр екен, біріне жайғаса кеттім. «Райком» хатшысы Бөкішев жан-жағына қарамай, бір қағазға шұқшиып бірдеңелерді шұғыл жазып жатыр екен. Бір кезде басын көтеріп, ашық тұрған есікке қарата: «Әлгі райпотребсоюздың басшысы қайда?» деп өктем үн қатты. Есіктен хатшы қыз кіріп келіп, не дерін білмей тұрып қалды. Іргеде отырған мен үн қатып: «Райпотребсоюздың бастығы мен болам» демесім бар ма. Бөкішев маған жалт қарады. Қанша потребсоюздың бастығы болсам да, киімі көнетоздау, шағын қара баланы көріп, таңғала түсті

де, қағазына қайта шұқшиды. Шамалыдан кейін басын көтеріп, қаламсабын үстеліне қойды. Бөкішевтің жүзіне көзім түсіп еді, о, ғажап, райком секретарының көзінен жас шұбырып, бетін жуып кетті. Бір кезде маған шұғыл бұрылып: – Күнім сендерге қарап қалған ғой, бар, кете бер! – деп бұйыра сөйледі. Мен есіктен атып шықтым. Енді, «Райпотребсоюздағы» өзімнің орныма бара алсамшы. Бөкішевтің «Ал, кете бер, бар!» деген сөзі құлағымнан күмбірлеп кетпей қойды. Бірер сағаттан кейін, Бөкішевтің бізді басқаратын орынбасары, бір әйел адам еді, атын ұмыттым, кеңсеге келіп елді жинады. Сөйтсем, орынбасар әйелге Бөкішев звондап «Әлгі райпотребсоюздағы қойғандарың тіпті жас бала ғой» депті. Хатшы әйел: «Басқа амалымыз жоқ, мектептің кәдеге жарар ересегі осы» деген ғой. Содан кейін, Бөкішев басылып: «Жарайды, орнына адам тапқанша істей тұрсын» депті. Осы әңгімелерді Ғарекең кейде күліп, кейде күрсініп отырып: «Ақыры, орныма адам табылғанша, біраз уақыт отырып, «Райпотребсоюзда» екі-үш жыл көлемінде бастық болғаным бар!» деуші еді. «Соғыстың бұл да бір сұмдығы ғой!» деп отыратын.

## Мына «рюмкені» менің қолыма ұстатып кеткен кім?!

Ғарекең өзі көзі көрген ескі ақын-жазушылар туралы естеліктерді тамсандырып әдемі айтушы еді. Соның бірі – Тайыр Жароков туралы. «Тәкеңмен баспада бір бөлмеде отырып жұмыс істедім. Марқұм аса сақ кісі еді. Ол кезде, заман солай, ара-арасында буфетке барып отыратынымыз бар. Ол кісі ешкімді ертпей жалғыз баратын. Себебі ешкім куә болмауы керек. Соның өзінде де күніне бір-екі тартар виносының өзінде жан-жағына екі-үш қарап барып алады екен. Марқұм, әйелінен қатты қорқушы еді. Оның көзінше арақ-шарапқа жоламайтын. Бір күні Сәбит Мұқановтың үйі қонаққа шақырыпты. Қонаққа шақырылғандардың ең кішісі – Зейнолла, өзіміздің Қабдолов екен. Содан не керек, жолай қонаққа бара жатып, жеңгеміз Тәкеңе: «Анау-мынау емес, Сәбит Мұқановтың үйі, осы жолы ештеңе татпа» деп Тәкеңнің уәдесін алып келген ғой. Отырыстың алғашқы бөлімінде, Тәкең

ештеңе татпай отырған. Содан жұрт үзіліске шыққан. Әйелдер бір топ болып бөлек бөлмеге кетеді. Сол сәтте шақырылған қонақтардың ең кішісі – Қабдоловқа Тәкең «бірдеңе ұйымдастыр» деп ым қағады. Жылдам қимылдайтын Зейнолла ма? Осы кезде Ғафекең Зейнолланың өзіне тән қимыл-қозғалысын әдемі суреттейді. «Зейнолла, бірінші, тәрелкені қолына алып, оның іші-сыртына қарап, үстіне ақ қағаз төсеп, стаканды нығыздап орнықтырады. Содан кейін, асықпай – саспай баппен бөтелкенің тығынын ашып, жай сыздықтатып, стаканға құяды, шыдамы таусылып тұрған Тәкеңе таяу келіп, баппен ұсына бергенде, қас қылғандай, қарсы есіктегі әйелдер ошарылып шыға келеді. Сол кезде сасқалақтап тұрған Тәкең: «Әй, жолдастар, мына стаканды менің қолыма ұстатып кеткен кім?!» депті. Жұрт қыран топан күлкіге қарық болыпты. Осыны айтып, Тәкеңнің тапқырлығына тәнті болған Ғафекең өзі де бір рақаттанып күліп алушы еді-ау!

## «Сені Сәбең керемет мақтады!»

Ғафекең өзінің асыл жары Бәдеш жеңгей туралы көп әңгіме айтушы еді. Қалай танысқаны, қалай қосылғаны, елге барғандығы, поезбен жол үстінде келе жатқандығы, не бір хикаяға бергісіз қызықтарын тамсана айтып отыратын. – Алғашқы кезде, біздің ақындық жүріс-тұрысымызға, қызық оқиғаларымыз, ерте кетіп, кеш келетін әдетімізге, жеңгең Бәдеш көпке дейін үйренісе алмай жүрді. Ол кезде де күнде, жиын күнде той. Және жай жүрмей, ішіміз де бір-екі жүз грамм шырылдап жүреді ғой. Күнде кешігіп келген әйел адамға жаға ма? Әйтеуір, бір дәлел табу керек. Өзіміз бас қосқан тойларда Бәдеш екеуміз қосылып ән саламыз. Тыңдаушыны тәнті етеміз. Міне, бұл жолы өзім ғана кешігіп келіп тұрмын. Есік қақтым. Ашулы Бәдеш, алдымен «бұл кім?» дейді. Мен ғой десем, есікті кішкене кешіктіріп ашады. Содан, ойыма қалай келгенін білмеймін. Есіктің сыртында тұрып: «Сәбит Мұқанов, Сәбит Мұқанов» дей беріппін. Бұған таңданған Бәдеш есікті ашып жіберді. Ішке кірген бетте:«Сені Сәбит Мұқанов қатты мақтады» деппін ғой. Күліп жіберген Бәдештің ашуы тез тарқады.

# «Ғабең жамылған»...

Бәдеш жеңгем үйіндегі қай затты да қадірлеп, қастерлеп ұстайды. Солардың бірі Ғабең жамылған ақ жамылғы (простина). Оның себебі бар. – Ғабең, Райсадан кейін де, біраз уақыт жалғыз тұрған. Бір күні іс-сапарға, Мәскеуге ме, Өскеменге ме, әйтеуір, ұшағы кешігіп (қыс күні ғой) ертеңге қалған. Үйіне оралуға көңілі дауаламаған Ғабең Бәдеш жеңгейдің қою шайын ішкісі келіп, Ғафең үйіне келеді ғой. Бәдеш жеңгей дастарқанын жайнатып, шайын қайнатып, Ғабекеңді қатты құрметтейді. Ғафекең екеуі, біраз әңгіме айтып, сыр шертіседі. Таңертең ерте ұшатын болған соң, төсек орнынын аппақ таза күйінде жаңадан жайлап, жайлы кроватта, дем алып, ертесін ақ батасын беріп аттанады. Сол Ғабең жамылған ақ (простина) жамылғыны Бәдеш жеңешем әлі күнге дейін сақтап келеді. Бізге «Бұл Ғабең демалып, жамылған «простина»» деп айтқанын талай естідім. «Кісіні қадірлеу, адамды ардақтау, дәстүрді дәріптеу» деген осы емес пе? Қайран, жеңгелер-ай, десеңші!

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ



# Тектінің тұяғы

Қазақтың көрнекті ақыны Ғафу Қайырбеков баласы Бақытқа:
«Балам сені осы көп,
Айтып жүр ғой жақсы деп,
Мен өзім де ойламан,
Ақыл сенде тапшы деп.

Мен ұлғайған шығармын,
Сендегі өмір – жол әсем.
Ақындықты бір алдың,
Ақылымды көп ал, сен!,» – деп тебірене толғанып, жыр арнапты.



Бұрын ауылда елдің атын шығарып, халықтың алдында жүрген азамат туралы әңгіме бола қалса, жасы үлкен қариялар ақ сақалын тарамдап: «Е, оның әкесі жақсы адам еді. Ол сол жақсының жалғасы, асылдың сынығы ғой» деп сыртынан тәнті болып отырған сөздерін талай естіп едім. Осыны белгілі ақын, талантты аудармашы, режиссер, сценарист, қысқасы, ұлт руханияты мен мәдениетіне ауыз толтырып айтарлықтай еңбегі сіңген азамат Бақыт Ғафуұлы Қайырбековке қарата айтуға болады. Шынында да, Бақыт ағамыз – бүкіл қазақ қадір тұтқан Ғафекең секілді тектінің тұяғы. Оның есімін «өмірі шаттыққа толы баянды, бақытты болсын!» деп әжесі қойыпты. Ақын осы әжесінің бауырында өсіп, қазақы тәрбиенің қайнарын қанып ішеді. Алғашқы өлеңін де әжесіне арнайды. Мектепте есеп сабағына жүйрік болса да, жаны әдебиетті жақсы көрді. Тіпті мемлекеттік емтиханда әдебиеттен еркін тақырыпта тұтас поэма жазып, айды аспанға бір-ақ шығарады. Жасынан өлеңге жақын өрен орта мектепті аяқтағаннан кейін

Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының аудармашылар даярлайтын бөліміне түсіп, талай талант қанат қаққан ұядан білім алды. 1978 жылы «Күзгі сырласу» атты алғашқы кітабы басылды. Одан кейін «Өмір сүремін деп айт» атты екінші жыр жинағы шықты. Қысқасы, бүгінге дейін ақынның оннан аса жыр жинағы жарық көріп, ол әдебиет сыншылары мен оқырмандар тарапынан жоғары бағаланды. 1983 жылы КСРО Жазушылар одағына, кейіннен Қазақстан Жазушылар одағына қабылданды. Сөйтіп, бір шаңырақта қос жүйрік поэзия аламанында құйғыта шапты. Ресей жазушысы Георгий Пряхин ол туралы жазған мақаласында: «Бақыт шығармасын орысша жазса да, бірақ одан қазақы болмысы көрініп тұрады» деп жылы пікірін айтыпты. Кейіпкеріміздің ерекше бір қыры – аудармашылығы. Қос тілді шебер меңгерген қаламгер XV-XX ғасырлардағы жыраулар поэзиясынан бастап, Абдолла Жұмағалиев, Мұқағали Мақатаев, Оразақын Асқар, Есенғали Раушанов секілді ақындарды аударды. Әкесінің кең тынысты эпикалық поэзиясын орыс тілді оқырмандарға мөлдіретіп жеткізді. Әсіресе ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты тарихи еңбегін аудару екінің бірінің қолынан келмейді. Оған шеберлік қана емес, терең білім қажет. Осы қасиеттер бір бойына тоғысқан Бақыт ағамыз оны келістіріп аударып шықты. Сонымен қатар Қойшығара Салғара, Сайын Мұратбеков, Ақселеу Сейдімбек, Тұрсын Жұртбай, Әміржан Әлпейісов секілді жазушылардың прозалық шығармаларын тамаша тәржімалады. Бақыт Қайырбеков өткен ғасырдағы сексенінші жылдардың аяқ кезінде Мәскеудегі ВГИК жанындағы сценарий және режиссерлік жоғары курсын бітіріп келген соң отандық кино өндірісіне белсене атсалысты. Оны әріптестері деректі фильмді түсірудің шебері деп бағалайды. Бір өзі сценарий жазып әрі режиссерлікті де атқара береді. Оның түсірген деректі фильмдері Румыния, Қытай, Иран, Мажарстан, Германиядағы халықаралық кинофестивальдерде қатарластарынан қара үзіп келді. Ағамыздың алғашқы деректі фильмі әкесіне арналды. Ол «Мен саған сәбимін» деп аталды. Бұл туындыда Ғафу атамыздың туған жері – Торғайға барып, топырағына аунап, ауылдастарынан ортасында мәре-сәре күй кешкен сәттері шынайы бейнеленген. Бір ғажабы, осында ақын қоңыр дауысымен

сөзін өзі жазған, Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әнін орындағанда, оның жүзінен туған елінің мейіріміне қанып, мерейі асқан тұлғаның бейнесін көресіз. Бұдан бөлек, автор халқымыздың сан ғасыр бойы сақталып, бүгінге жеткен салт-дәстүрлері туралы түсірген «Ай толғанда» триптихі мен «Сүндет» атты фильмдерінде көшпелілер ұрпағының дүние есігін ашқаннан соңғы деміне дейінгі қолданған жоралғыларды көркем жеткізген. Әсіресе, режиссердің «Әлемнің 9-шы территориясы» атты 100 сериядан тұратын деректі туындысы – туған елдің тарихы мен танымын тануға арналған соқталы дүние. Мұнда жер көлемі бойынша дүние жүзінде тоғызыншы орын алатын мемлекетіміздің тарихы, табиғаты, онда тұратын халықтың тұрмыс-тіршілігі баяндалады. Сондай-ақ Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап түсірген «Дешті Қыпшақ. Құпия таңбалар» атты деректі фильмін көріп отырып, тарихымызға қатысты көптеген тың дерекке куә боласың. Мәселен, аталған фильмнің бірінші бөлімінде қыпшақтар мен армяндар арасындағы қарым-қатынас сөз болса, екінші бөлімде Петр шіркеуінің кітапханасында сақталған «Кодекс Куманикс» атты құнды кітап туралы айтылады. Оны Венеция кітапханасына 1362 жылы Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті ақыны Франческа Петрарка сыйлаған. Сонымен қатар Абай атамызға арнаған «Махаббат сәулесі», Құрманғазы жайында «Кісен ашқан», Әбіш Кекілбайұлы туралы «Ұлан-ғайыр» және Дінмұхамед Қонаев, Асанәлі Әшімов, Айман Мұсақожаева секілді жиырмаға жуық тұлғаларымыздың өнегелі өмір жолын кино тілімен суреттеді. Бір сөзбен айтқанда, талантты режиссер бүгінге дейін 80-нен аса деректі фильм түсірген. Ол «Қазақфильм» киностудиясын басқарған жылдары, отандық кино өндірісі жаңа тыныс алып, сол кезде көрерменге жол тартқан бірқатар туынды халықаралық кинофестивальде топ жарды. Қаламгердің айта берсе қыры көп. Былтыр «Астана Балет» театрында Б.Қайырбековтің либреттосына жазылған «Жібек жолы» балеті қойылды. Бұдан бұрын осы өнер ордасында «Әлем» және «Байбарыс сұлтан» балеттері, «Астана Опера» театрында «Дала дауысы» балеті, «Astana Musical» театрында «Астана – менің махаббатым» мюзиклі көрермендерге жол тартты. Осыдан біраз бұрын Алматыда «Notebook. Естеліктер күнделігі» атты фотокөрмесі өтті. Бақыт ағамыз бір сұхбатында: «Менің негізгі тақырыбым –

біреу. Ол аңыздарды жинау, фольклорды зерттеу, оның не екенін түсінуге тырысу. Әдет-ғұрпымызда, салт-дәстүрімізде бір құпия жасырынғанын сеземін. Бұл айналысқан ісімнің бәріне нәр берді. Соның қайнар көзін таптым. Содан шабыт аламын» деп айтыпты. Бұл – бекер сөз емес. Оны автордың «Ұлттық салт-дәстүрлер. Қазақи этикет» кітабын оқығанда көзіңіз жетеді. Мұнда халқымыздың ғасырлардан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдептілік ұстанымдары туралы тың деректерге қанық боласыз. Мақаламыздың басында Ғафу Қайырбековтің баласы Бақытқа арнаған бір өлеңін келтіріп едік. Соның соңғы шумағы былай аяқталады:

«Білемін мен, нанамын,

Шаңырақты сақтайсың.

Ең асылы қарағым,

Кісілікті баққайсың».

Әке аманатына адал болған ұл кісілікті де кішілікті де сақтап, жетпістің жотасына шықты.



# «Мен де қайта туып көрейінші…»



1988 жыл болатын. Ғафаңның 60-жылдық мерей тойы Арқалықтан басталды. Арқалық қаласында облыстық партияның бірінші хатшысы қатысқан шығармашылық кеш Горняк мәдениет үйінде өтті. Одан кейін Амантоғайда, Аманкелді ауданында аталды. Жолдағы совхоздар Абай, Албарбөгеттен де күтіп алып, қонағасы берушілер болды.

Торғайда Ғафаңның ата бабасының туған жері Шұбалаң деген жер бар. Шұбалаң мен аудан орталығының арасында «Ғ.Қайырбеков атындағы оқушылар лагері» бар. Ғафаң, Бәдеш жеңгеміз, жазушы Сәкен Жүнісов, оның жұбайы мінген мәшинелер сол балалар лагеріне соқты. Тұрған жері керемет, суы мөлдір, тамаша демалыс орны екен. Қонақтар соған тамсанып біраз жүрді. Сосын олар балалар асханасынан нан ауыз тиді. Содан шығып, Мерейтойды тойлаушылар Торғайға жақын, лагерьден бір шақырымдай жерде тұрған Торғай өзенінің Батпақсуат деп аталатын жағасына келді. Суат десе дегендей, суға апаратын жалғыз аяқ жол бар екен, жан-жағы қопа. Негізінен осыдан алпыс жыл бұрын Ғафаңның туып, кіндігі кесілген жері осы. Сол суатқа келіп көп мәшине үйіріліп тұра қалды. Ғафаң бастаған топ мәшинелерінен асықпай түсті. Басқа мәшинелерден бір топ әйел түсіп, ақынға қарай жамырай келіп, өзі жеп-жеңіл Ғафаңды қолдарына көтеріп алды. Сөйтсе, бұлар жеңгелері екен, «Қазір сені туған жеріңе аунатамыз!» деді. Ғафаң жеңгелерінің айтқанына көнген. «Ал, аунатсаңдар, аунатыңдар, мен тағы бір туып көрейін» деген. Жеңгелері Ғафаңды, сөйтіп, өзен жағасына бір-бір аунатып алған. Сол жерге Бәдеш жеңгеміз бір уыс күміс теңге шашты. Оны «Ғафаңның жасын, абыройын берсін» деп теріп алып жатқандар болды.

**ҒАФУҒА**

*(арнау өлең)*

Батпақсуат өзеннің бергі беті,
Су алуға келіншек барған кезде,
Батпағы сәл тобықтан асар еді.
Көктемде асып тасып, жарқыраса,
Жаз кезінде балық шолпып жатар еді.
Батпақсуат Ғафудың туған жері,
Демепті ешкім «Заманында болар сері»
Жағаға кеше қонған ошақты үйден,
Естіледі, жас келіннің «Бесік жыры».

Жұмат Әнесұлы.



Жанкелдин ауданы орталығында арқалы ақын Ғафу Қайырбековтің туған қарындасы Күләш әже тұрады. Жасы сексеннің сеңгіріне шыққан кейуана бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ардақты ана. Немере-шөберелерінің қызықтарына тоймай ғұмыр кешіп келе жаткан ол Жаратқанға шүкіршілік айтуды ұмытпайды.



Кезінде Ғафу Қайырбековтің өзі «Ұлы ақын еді Жұмекен» деп бағалаған жауһар жырлары қазақ поэзиясының қазынасына айналған Жұмекен Нәжімеденов арамызда жүргенде 80 жылдығын тойлап жатар едік-ау... Ақынның алғашқы өлеңі 1955 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Балауса» деген атпен 1961 жылы жарық көрді. Содан бері жиырмаға жуық жеке өлеңдер мен поэмалар жинағы оқырман қолына тиді. Бұлардан басқа алғашқыда үш томдық, мұнан соң екі томдық, ал 2012 жылы жеті томдық толық шығармалар жинағы баспадан шықты. Проза жанрында да қажырлы еңбек етіп, «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» атты романдарды өмірге әкелді. Ж.Нәжімеденов – Қазақстан Республикасы Әнұраны авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Ақынның туған ауданында бір ауыл, орта мектеп, Астана қаласындағы көше оның есімімен аталады. Жұмекеннің өзі де, оның жырлары да елімен бірге мәңгі жасай береді.

## Ол туралы:

Қайырбеков, Ғафу.  9 –  май [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 2012. – 4 мамыр. – 8 б..

Қайырбеков, Ғафу.  Ағадан ақ тілек [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Қостанай таңы. – 2006. –  1 наурыз.– 4 б .

Қайырбеков, Ғафу.  Азаттық перзенттері [Мәтін] : поэма / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 2008. – № 9. –79–82 б.

Қайырбеков, Ғафу. Алпыс жылдыққа арналған сөз [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың 80 жылдығына орай] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 14 қазан. – 10 б..

Қайырбеков, Ғафу.  Алтын қазған [Мәтін] : [ақын Сағи Жиенбаев туралы] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 13 мамыр. –12 б..

Қайырбеков, Ғафу. Алыптар туралы сөз [Мәтін] : [А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың Торғай ауданында өткен күндерінен] /  Ғ. Қайырбеков // Торғай таңы. – 1991. – 3 б.

Қайырбеков, Ғафу. Атыңнан айналайын... [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Торғай таңы. – 1990. – 9 б.

Қайырбеков, Ғафу.  Балуан ақын [Мәтін] : [ақынның " Кеш келген көктем " атты  жыр  жинағы туралы пікір] / Ғ. Қайырбеков // Торғай. – 2006. – 24 наурыз. – 3 б..

Қайырбеков, Ғафу.  Домбыра, шебер де сен, шешен де сен... [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков ; Антологияны жүргізуші ақын Темірхан Медетбек // Дәстүр. – 2015 . –№ 4 . – 20 Б.

Қайырбеков, Ғафу.  Достықтың бәйтерегі [Мәтін] : [ақын Тарас Шевченконың  туғанына 170 жыл] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1984. – № 6. – 3 б..

Қайырбеков, Ғафу. Егіз от [Мәтін] : повесть / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1987. – №6.– 14 б..

Қайырбеков, Ғафу. Елге хат [Мәтін] : [ақынның торғай облысының қайта ашылуы байланысты жазған хаты туралы] / Ғ. Қайырбеков // Арқалық таңы. – 1990. – 8 қыркүйек.. – 3 б.

Қайырбеков, Ғафу.  Емхана элегиясы [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Жалын. – 2008. – № 7. –44-46 б..

Қайырбеков, Ғафу. Еске алсам ескі күннің мұнарынан... [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Таң–Шолпан. – 2008. –№ 4. – Б.

Қайырбеков, Ғафу.  Ескеркіштер мен есерсоқтар [Мәтін] : [тарихи - мәдени ескерткіштер сақталуы туралы] / Ғ. Қайырбеков // Социалистік Қазақстан. – 1991. – 18 мамыр..

Ескерткіш ; Бір уыс топырақ [Мәтін] : [өлеңдер] : [жазушы Бейімбет Майлинге арналған] / Ғ. Қайырбеков // Қостанай таңы. – 2019. – 27 қыркүйек. – Б. 12..
Қайырбеков, Ғафу.  Жеңіс солдаты [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 2015. –8-14 мамыр. – Б. 9..
Қайырбеков, Ғафу.  Жұлдызды тағдырлар [Мәтін] : поэма / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1979. – №3. – 46–55 б..
Қайырбеков, Ғафу.  Жылға тілек [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1984. – №1. – 10 б..
Қайырбеков, Ғафу. Көк талқан иесі [Мәтін] : [бұл ертеректе «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы») газетінде жарияланған ақын Ғафу Қайырбековтің мақаласы] / Ғ. Қайырбеков // Қостанай таңы. – 2021. – 11 маусым. – Б. 12..
Қайырбеков, Ғафу. Қазақ қызына [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков // Қостанай таңы. – 2008. – 16 қыркүйек. – 5 б..
Қайырбеков, Ғафу. Қос арыс туралы толғаныс [Мәтін] : [қос арыстың тағылымды жолдары жайлы тың пайымдаулар олардың шығармаларына берілген бағасы] / Ғ. Қайырбеков // Торғай тынысы. – 1991. – 23 шілде.
Қайырбеков, Ғафу. Мәңгілік іздеу [Мәтін] : баллада / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1986. – №3. – 42 б..
Қайырбеков, Ғафу.  Саттарға саяхат [Мәтін] : [жазушы Саттар Ерубаев туралы] / Ғ. Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 25 ақпан. – Б. 4.
Қайырбеков, Ғафу. Сөз данасы [Мәтін] : [өлеңдер : автордың фотосы бар] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 2013. – № 8. – Б.
Қайырбеков, Ғафу.  Төрт бұрыштан төгіліп көш келеді... [Мәтін] : [қазақтардың Отанына оралуы туралы әңгіме - сыр] / Ғ. Қайырбеков // Ақиқат. – 2008. –№ 8. – 33–37 б..                                    Қайырбеков, Ғафу. Туған жерге бір аунап [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1989. – № 6. – 13 б..
Қайырбеков, Ғафу. Туған жердің бір уыс топырағы [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1983. – № 1. – 67–74 б..
Қайырбеков, Ғафу.  Тұлғалы жанр толғағы немесе қазіргі қазақ поэмасы туралы ойлар [Мәтін] : [өлең жырлар, жыр дастандар туралы] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1983. -– №6 – 185–193 б..
Қайырбеков, Ғафу. Хош, жан Сағи [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков // Егемен Қазақстан. – 1994. – 17 мамыр. – 4 б..
Қайырбеков, Ғафу.  Үміт-дүние [Мәтін] : [өлеңдер] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. – 1985. – № 1.– 29 б..
Қайырбеков, Ғафу. Шұбалаң [Мәтін] : [поэма] / Ғ. Қайырбеков // Жұлдыз. –

1988. – № 5. – 55 б..
Айқадамова, Айтолқын. Ақынды еске алды [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековты : сурет бар] / А. Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 30 қыркүйек. – Б. 2..
Айтмағамбетов, Есмұхамбет.  Ерлікпен елдікті жырлаған [Мәтін] : [ақын Ғ. Қайырбеков шығармашылығы туралы] / Е. Айтмағамбетов // Торғай таңы. – 1980. – 31 мамыр..
Әбіш, Дамир.  Ғафаң жүрегіме жақын жарық жұлдыздардың бірі еді [Мәтін] : [ақын Ғ. Қайырбековтың 80 жылдығына арналған салтанатты кеш] / Д. Әбіш // Қостанай таңы. –2008. –19 қыркүй
Әлім, Қайсар. 7 кітап және 8 том [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековтың зайыбы Бәдеш апаның әдеби мұраға ыждағаттылығы туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2013. – 12 сәуір. – Б. 5..ек. – 1,4 б..
"Әлемнің жарығын сыйладың сен маған..." [Мәтін] : [жазушы Ғ. Қайырбековтің 90 жылдығына арналған кеш] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2018. –  31 қазан. – 6 Б.                                              Әлім, Қайсар. Ғафу – ғұмыр [Мәтін] : [ақын Ғафу Қайырбеков туралы естеліктер] / Қ. Әлім // Жұлдыз. – 2013. – № 5. – Б.
Әнесұлы, Жұмат.  "Әкең енді нәл қағуға жарамас", "Жеке келген жақсы екен..." [Мәтін] : [ақын Ғафу ҚайырбБайғұт, Мархабат.
Сағыныш саздары [Мәтін] : [ақын Ғафу мен Тоқаш туралы естеліктер] / М. Байғұт // Жалын. - 2008. - № 6. - 7-12 б.. еков туралы] / Ж. Әнесұлы // Торғай. – 2005. – 27 мамыр..
Байділдин, Шөптібай. Арқалы, әруақты Ғафу ақын [Мәтін] : [ақын Ғафу Қайырбеков 95 жаста] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2023. – 12 мамыр. – Б. 4..
Байжан, Ахметхан.  Сырлы да ғажап әлем [Мәтін] : [журналист Қ. Әлімнің "Сырбай мен Ғафу" атты кітабы туралы] / А. Байжан // Торғай. – 2003. –7 қараша. – 4 б..
Бердалинова, Ғайнижамал.  Қазақтың қанатты ақыны [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековтың туғанына - 70 жыл толуына орай] / Ғ. Бердалинова // Қостанай таңы. –1998. (14 тамыз). – № 49. – 6 б.
Ғафу - менің тағдырым [Мәтін] : [ақын Ғафу Қайырбековтің жары Бәдеш Хамзақызымен сыр-сұхбат] / Хамзақызы Б ; сұхбаттасқан Анар Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 15 қазан. – Б. 15.
Дәрібаева, Жадыра.  Арда ақынның аманат жырлары [Мәтін] : [ақын Ғафу Қайырбеков] / Ж. Дәрібаева // Егемен Қазақстан. – 2018. – 4 қазан. – Б. 9.

Досжанова, Қымбат.  Ақынның аты өлмейді [Мәтін] : Қостанайдағы № 9 орта мектепке Ғафу Қайырбеков есімі берілді / Қ. Досжанова // Қостанай таңы. –

2015. – 22 мамыр. –  Б. 1, 2.
Елеукенов, Шериаздан. "Адал жүр де, адам жүр..." [Мәтін] : (Ғафу ақын ғибраты) : суреті бар / Ш. Елеукенов // Қазақ. – 2012. – 17 тамыз. – 5 б..
Ержанова, Сәуле. "Алматыда көшесі бар Гогольдің..." [Мәтін] : [ақын Ғ. Қайырбеков жырлар туралы] / С. Ержанова // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 7қараша. – 16 б..
Есенжол, Азамат. Тектінің тұяғы [Мәтін] : [ақын Ғафу Қайырбековтың ұлы Бақыт Ғафуұлы туралы] / А. Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 24 ақпан. – Б. 11
Айқадамова, Айтолқын.  Ақынды еске алды [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековты : сурет бар] / А. Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. –  30 қыркүйек. –  Б. 2..
Айқадамова, Айтолқын. Ақынды еске алды [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековты : сурет бар] / А. Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 30 қыркүйек. – Б. 2..
Бердалинова, Ғайнижамал. Қазақтың қанатты ақыны [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековтың туғанына - 70 жыл толуына орай] / Ғ. Бердалинова // Қостанай таңы. – 1998. (14 тамыз). – № 49. – 6 б..
Жәмәлиев, Әмірғали. Әрі дос, әрі аға, әрі жастық шақтың сырласы [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековтың туғанына –70 жыл толуына орай] / Ә. Жәмәлиев // Қостанай таңы. – 1998. (25 тамыз). –  № 52. – 2 б..
Қайырбеков, Ғафу.Домбыра, шебер де сен, шешен де сен... [Мәтін] : [өлең] / Ғ. Қайырбеков ; Антологияны жүргізуші ақын Темірхан Медетбек // Дәстүр. – 2015 . – № 4 . – Б.
Қанатбаев, Дүйсенбек. Жыр – Ғафу [Мәтін] : [Ғафу Қайырбековтың туғанына 80 жыл] / Д. Қанатбаев // Ана тілі. – 2008. – № 37(11 қыркүйек). – 1б.



## Ол туралы жазылған кітаптар.




” Қазақстан жазушылары:*XX ғасыр*”.
Анықтамалық.– Алматы: ”Ана тілі” баспасы ЖШС. 2004 – 392 б.




Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.:
Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. – Б. 31




Қайырбеков Ғафу [Мәтін] / Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиографиялық анықтамалық // құрастырушылар: С. Ахметов, Д. Еркішев. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1987. – Б. 330 – 332.




Қайырбеков Ғафу (15.08.1928 – 3.11.1994) [Мәтін] / Мұқағали Мақатаев: энциклопедия // жоба авторлары – құрастырушылар: Б. Айдарова, Қ. Ботбай, Т. Рсаев. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2016. – Б. 407 – 408.



Қайырбеков Ғафу (1928 - 1994) [Мәтін] / Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері: анықтамалық // құрастырғандар: Р. Мәженқызы, Қ. Қайрамбекова. – Алматы: «Білім» баспасы, 2005. – Б. 120.




Жақсанов, О. Ұлы ақынмен алғаш кездесу: Қазақстанның халық жазушысы, жерлесіміз Ғафу Қайырбеков жөнінде [Мәтін] / О. Жақсанов // Қайталанбас тұлғалар: эсселер, портреттер. – Қостанай: «Шапақ» баспасы, 2009. - Б. 184 – 191.




Оспанұлы, С. Ғафекеңнің әңгімелері [Мәтін] / С. Оспанұлы // Ақындар әлемі. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2017. – Б. 172 – 191.




Ғ. Қайырбеков жайпида естеліктер беттер [Мәтін] / С. Оспанов // Қазақ ақындарының публицистикасы: монография. – Астана, 2011. – Б. 11, 316 – 359, 438.




Қайырбеков, Ғ. Аға атымен (Тахауи Ахтановқа) [Мәтін] / құрастырғандар: Сейфолла Оспан, Бакарыстан Мырзабай, Сәмен Құлбарак // Арыстан жалды заңғар жазушы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2013. – Б. 482 – 483.




Көрнекті ақын әрі жазушы. Ғ.Қайырбековтің 95 жылдығына орай ұйымдастырған абонемент бөлімінің көрмесі.




Ғафудың сыршыл әлемі

## Мазмұны


Терең тамырлы тұлға........................................................................ .5
Ғ. Қайырбековтың шығармалары.............................................................. 6
Ғ. Қайырбековтың өмірі мен шығармалары туралы..................................7
Еңбек жолы...............................................................................................8
Ғафу Қайырбеков өлеңдер жинағы...........................................................13
Соқты боран ........................................................................... ...............14
Баспасөз бетіндегі жарияланымдары........................................................27
Жыр жылдары ............................................................................................33
Ғафу Қайырбековтың шығармалары........................................................34
"Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназия".................................37
Ғ.Қайырбековтың суреттері.......................................................................38
Ғафудан қалған сөз еді.................................................................................39
Ғафекеңнің ата-бабалары, өз әкесі хақында................................................40
16 жасында «Райпотребсоюздың» бастығы болған.....................................41
Мына «рюмкені» менің қолыма ұстатып кеткен кім...................................42
«Сені Сәбең керемет мақтады!»...................................................................43
«Ғабең жамылған»........................................................................................44
Тектінің тұяғы ..............................................................................................45
«Мен де қайта туып көрейінші…».................................................................49
Ол туралы......................................................................................................51
Ол туралы жазылған кітаптар.......................................................................55
Көрнекті ақын әрі жазушы. Ғ.Қайырбековтің 95 жылдығына орай ұйымдастырған абонемент бөлімінің көрмесі..............................................59

**Шығ. жауапты:......К. Б. Борибаева**

**Құрастырушы:.......Т. С. Қойшыбаева**

**Редакторы:...........С. Қ. Ибикенова**

**Қаріп түрі:  Times New Roman.**

**Басылымның көлемі:**

**Таралымы:**

**«Арқалық қаласындағы
облыстық  №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru**